

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының ауданішілік бағыттары бойынша жолаушылар мен багажды тұрақты автомобильмен тасымалдау тарифін келісу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2024 жылғы 18 қазандағы № 22/3 шешімі

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы бойынша ауданішілік бағыттар бойынша жолаушылар мен багажды тұрақты автомобильмен тасымалдаудың тарифі 1 (бір) километрге 9 (тоғыз) теңге мөлшерінде келісілсін.

2. Осы шешім қабылданған сәттен бастап күшіне енеді.

Жамбыл ауданы мәслихатының төрайымы

Л. Топорова